

Түркістан облысы
Сайрам ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі
«Қазына» бөбекжайы



«Күншуақ» ортаңғы тобы

Ертегілер елінде «Бауырсақ» ертегісі



Тәрбиешілер: Жаппаркулова. Г.

Тастанбекова.Х.

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Бауырсақ ертегісі»

Мақсаты: Ертегі, әлеміне қызығушылығын қалыптастыру.

Ертегі сахналау барысында кейіпкерлердің мінез - құлқын жеткізе білуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту.

Жүргізуші: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Сендерге ертегі ұнай ма?

«Жұлдызша» МАД тобы «**Бауырсақ**» ертегісін сахналайды, тамашалаңыздар. Олай болса ертегіні сахналауды бастаймыз

Ерте — ерте ертеде, шал мен кемпір **өмір** сүріпті. Бір күні шал кемпірге былай деді.

Самир (шал) : Кемпірім-ау, кемпірім-ау, маған **бауырсақ** пісіріп берші.

Махлия (кемпір): Неден пісірейін? Көптен бері үйде ұн да жоқ.

Самир (шал): Ей, кемпірім-ай! Міне саған ақша, дүкенге барып, үнді сатып алып кел, содан **бауырсақты** пісір.

Жүргізуші: Кемпір шалының айтқанын істейді: дүкенге барып үнді сатып алып келеді, оны қаймаққа илейді. Отын жағып, табасына майын құйып, **бауырсақты** пісіруге кіріседі. **Бауырсақ**, домалақ әрі сырты қызарынқырап әдемі болып піседі. Иісі мұрын жаралық. Шал оны бірден жеп көргісі келеді. Бірақ **бауырсақ** ыстық болған соң, кемпір оны терезеге қояды да, өздері ұйқыға жатады. Сол кезде

Жандәулет. (**бауырсақ**): Ой, мен қайдамын? (терезеге қарап) Мен өзі қандай әдемімін, өте сұлумын. Далаға барып бәріне мақтанып келейін.

Жүргізуші: Солай **бауырсақ** далаға шығып кетеді. Даладан орманға домалап кетеді. Орманда әндетіп келе жатқанда, алдынан қояндар шығады.

Айғаным (қоян): Мында қандай ғажап иіс.

Мынау, **бауырсақ** қой. **Бауырсақ, бауырсақ** сен қайда бара жатырсың? Өзің сондай дәмді екенсің.

Жандәулет (**бауырсақ**): Мен атадан қаштым, мен ападан қаштым.

Сондықтан ренжіме. (домалап кетеді)): Осылайша **бауырсақ** әрі қарай домалай жөнеледі, қоян оны дұрыс қарап та үлгірмей қалады. **Бауырсақ** жалғыз жолмен домалап келе жатса, оның алдынан қасқырлар шығады.

Ағзам (қасқыр): Мында қандай ғажап иіс, менің қарным ашып қалды. Ой, **бауырсақ** екен ғой. **Бауырсақ, бауырсақ** сен қандай әдемісің, домалақсың, мен сені жегім келіп тұр.

Жандәулет (**бауырсақ**): Қасқыр жан, сен мені жеме, одан да мені тыңда. Мен атадан қаштым, мен ападан қаштым, мен қояннан да қашып кеттім, сеннен де қашып кетемін. (домалап кетеді)

Жүргізуші: Осылай деп **бауырсақ** әрі қарай домалай жөнеледі. **Бауырсақ** орман ішінен домалап келе жатса алдынан балды жеп келе жатқан аюларды кездеседі.

Исламбек (аю): **Бауырсақ, бауырсақ** сен қайда бара жатсың?

Жандәулет:(**бауырсақ**): Мен атадан қаштым, мен ападан қаштым. Орманды аралап келе жатырмын.

Исламбек (аю): **Бауырсақ**, сен өте әдемі және мен сені жегім келіп тұр.

Жандәулет: (**бауырсақ**): Аюжан мен қояннан және қасқырдан да қашып кеттім, сондықтан сен де мені жей алмайсың. (домалап кетеді)

Жүргізуші: **Бауырсақ** орман ішінен көбелекті ұстап алғысы келеді, бірақ көбелек одан ұшып жөнеледі. Сол кезде түлкі келеді.

Мариям (түлкі): **Бауырсақ**, сен қандай әдемісін, қандай тәттісін. Мен сені жегім келіп тұр.

Жандәулет: (**бауырсақ**): Мен атадан қаштым, мен ападан қаштым, бәрінен қашып өзім жоғалып кеттім. енді атама және апама баратын жолды таба алмай тұрмын.

Мариям (түлкі): **Бауырсақ**, ал сенің үйінде сен сияқты **бауырсақ** бар ма? Менің қарным ашты.

Жандәулет: (**бауырсақ**): Иә, бар. Апам көп **бауырсақ** пісірді. Егер сен мені үйге апарып келсең, мен саған **бауырсақ** беремін.

Мариям: (түлкі): Келістік. Қанеки жүре ғой.

Жүргізуші. Осылай түлкі **бауырсақты** ұстап атасы мен апасының үйіне жол жүреді. Атасы мен апасының үйіне келгенде, атасы мен апасы **бауырсаққа** қатты қуанады. Олар түлкіге рахметін айтып, үйге шай ішуге шақырады. Апасы дастарханға **бауырсақтарды** қояды. Олар осылай бәрі дос болады. Осымен ертегі аяқталды.

Әдіскер: *Ал*



«Бауырсақ» ертегісі

